

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

манипулировать кем-то, покорить его, вернуть контроль над ним и т.д. с помощью страха. Гнев – это сильное нервное возбуждение, проявляется в злости индивида к определенному объекту и даже к миру вообще.

Верующие не должны бояться потерять ни физические (имущество, здоровье, жизнь), ни символические (репутация, уважение, статус) ценности. Они должны знать, что каждый человек временный в этом мире, ему ничего не принадлежит. На все воля Божья. Главное – это надежда на Бога, ведь все крупные ценности христианина находятся вне этой жизни. Человеку нужно смириться и действовать согласно с волей Божией, не проявлять при этом насилия и гнева а быть бесстрашным (т.е. кротким).

Список использованных источников:

1. Мовчан М. М. Визначення та інтерпретації страху: філософсько-антропологічний дискурс // Наукові записки. Серія «Філософія». – Острог: Видавництво Національного університету «Острозька академія», Вип. 12, 2012, С. 157-165.
2. Мень А. Христианство // Литературная газета, № 51, 1990, С. 3.
3. Щербатых Ю. В. Психология страха: популярная энциклопедия. – М.: Эксмо, 2007. – 512 с.
4. Будда // 100 человек, которые изменили ход истории, № 26, 2008, С. 1-31.
5. Зотов А. Далай-лама Тибета: «Я лично видел случаи переселения душ» // Аргументы и факты в Украине, № 14, 2003, С. 2.
6. Українці: народні вірування, повір'я, демонологія / Упор. А.П. Пономарьов, Т.В. Косміна, О.О. Боряк. – К.: Либідь, 1991. – 640 с.
7. Христианство – свобода от страха // Электронный ресурс. – Режим доступа: http://www.nenadoada.ru/kak_byt_khristianinom/khristianstvo_svoboda_ot_strakha

ӘОЖ 88.4.

АДАМНЫҢ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫНДАҒЫ СТРЕССТІҢ КӨРІНІСТЕРІ ЖӘНЕ ОНЫ ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Бекова Балнұр Айтбайқызы

balnura_9292@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Әлеуметтік ғылымдар факультеті

«Психология» мамандығының магистранты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі - А. Ерментаева

Энциклопедиялық сөздік стрестің «адам не жануарда күшті ықпалдардың әсерінен туындайтын қысымшылық сезу жағдайы» деген түсініктемесін береді [1]. Қазіргі кездегі әдебиеттерде «стресс» ұғымы келесідей түсініктерді береді:

- адамның организміне жағымсыз әсер ететін әрекет,
- адамға әсер ететін әртүрлі сипаттағы күшті және жағымсыз әсерлер,
- әртүрлі әрекет ету жағдайындағы адам организміндегі спецификалық емес физиологиялық және психологиялық элементтер [2].

Стресті алғаш зерттеген Канада ғалымы Ганс Селье стресті ағзаның ерте тозуы мен ауруларын туғызушы барлық факторлар жиынтығы деп қарастырған. Стресс теориясын құруда негіз болған еңбектер болып: Павловтың шартты рефлекс теориясы, Клод Берннің еңбектері, Уолтер Кеннонның гомеостаз теориясы болып табылады. Басында Селье өз зерттеулерінде бұл құбылысты «жалпы бейімділік синдромы» деп атап, кейінгі жұмыстарында стресс терминін қолдана бастады [3].

Стресті қазіргі уақыттағы зерттеулер, сонымен бірге, стрестің басқа да аспектілеріне назар аудартады: психологиялық (мысалы, көңіл-күй өзгерістері, теріс эмоциялар, әлсіздікті сезіну) және мінез-құлықтық (мысалы, стресс факторларымен тікелей конфронтацияға түсу,

олар туралы ақпарат алуға тырысу). Осы аспектілердің үшеуі де стресті түсінуде, оны басқарудың тиімді жолдарын іздестіруде өте маңызды. Стрестің туындау табиғатына байланысты эмоционалдық және ақпараттық деп 2-ге бөледі. Эмоционалдық стресс физиологиялық және эмоционалды жүктің өсуімен байланыстырылса, ақпараттық стресс адамның ақпараттың үлкен мөлшерін өңдей алмаумен байланыстырылады.

Ганс Селье өзінің еңбектерінде «стресске» келесідей анықтама береді: стресс бұл адам организмінің кез- келген қойылған талапқа кездейсоқ жауап қайтару реакциясы болып табылады. Оның байқауы бойынша стресс келесідей жағдайлардан көруге болады дейді:

- адамның тәбетінің болмауы;
- дене қозғалысы мен бұлшықеттерінің іс- әрекеттегі әлсіздігі;
- артериалды қысымның жоғары болуы;
- қимыл-қозғалысының бәсеңсуінде.

Ганс Селье стрестің процесс ретінде дамуының негізгі үш кезеңін көрсеткен:

1. Ықпалдарға тікелей реакция (қобалжу кезеңі);
2. Максималды тиімді адаптация (тепе- теңдік кезеңі);
3. Адаптациялық процестің бұзылуы (тозу кезеңі).

Егер стресс әсері тым күшті болып немесе ұзақ созылып кетсе, ағзаның бейімделуін қамтамасыз ететін резервті күштері таусылып, адам қалжырай бастайды. Қатты ішкі күйдің толқуы кезінде істеген іс нақты емес, мақсаттар құрылмаған, ал іс-қимыл жалпы бағытқа ие болады. Аффектілі жағдайында істелген қылмыстың анық емес және жанама ойда болады. Импульсивті реакцияны белсендіретін конфликтілі эмоционалды жай-күйге сонымен қатар стресс те жатады. Оны жай-күйдің «жоғары немесе күшті толқудағы» бөлігіне жатқызуға болады. «Стресс» түсінігі ағылшын тілінен аударғанда «stress» - қыспа, қинау, басу деген мағына береді. Ол психикалық күйдің экстремалдық әсермен (стрессормен) жалпы түрмен сипатталады.

1) *физиологиялық стресс*- бұл физиологиялық функцияның ауыртпашылыққа түсуі;

2) *психикалық стресс*- психикалық стресс мәліметтік және эмоционалды болып бөлінеді.

3) *Мәліметтік стресс* – жедел-мәліметтік ауыртпалық арасында адамның стрессті жай-күйі пайда болуы. Мұның пайда болу себебі: қиын басқару функцияларын орындау және жоғары жауапкершіліктің кезі, шешім қабылдау (мысалы, қауіпті жағдайда) кезінде ауыртпалық пайда болуы.

4) *Эмоционалды стресс* – қауіпті, экстремалды ситуация кезінде болады. Ол кездейсоқ жабылу, бұзылу, «стратегиялық» ішкі конфликтер.

Осы кезде адам психикасын өзгереді:

1) қимылды-импульсивті активтіліктің шекті белсенділігі;

2) терең тежеу процесінің (ступор) дамуы;

3) генерализация – белсенділіктің кең ауқымда тарауы, сондықтан мақсатты алу бұзылады.

Психика стресін алдын-алу кезінде (дистресс) тұлғаның мотивациялық сферасы бұзылады және оның бейімделу мінез-құлық белгілері өзгереді, істің жиынтығы бұзылады, адамның сөйлеу мүмкіндігі нашарлайды. Көптеген кезде тұлғаның бейімделу мүмкіндігі қайта қалпына келеді. Бұл австресс деп аталады. Бұл стресстің бір түрі. Заңдық баға үшін адамның мінез-құлық стресстік кездегі австресс күйінде адамның санасы тарылмайды. Ол өзінің іс қимылына мүмкіндігіне қарай физикалық және психикалық өзгерісін экстрималды жағдайда дұрыс шешім қабылдап шыға алады.

Адам мінез-құлық аффектілік жай –күй кезінде, сондай-ақ стресс кезінде толық санасыз күйге жетпейді. Тұлғаның аффектілі жағдайдағы немесе стрессорды алдын алуы, оған құрал алу, әдістері, сөйлеу құралы әлеуметке сай келеді. Стресс және аффект кезіндегі сананың тарылуы адамның миының толық істемеуі деген түсінік емес. Посаффектілі және постстресстік (стрестен кейінгі) кездегі индивидтің мінез-құлық зерттеу масаттары болады.

Постстрестік кезден кейін күш-қуат азаяды, немқұрайлық пайда болады, қимылдау күйі төмендейді.

Мінез – адамның генетикалық ерекшеліктеріне байланысты болып, өмір жағдайларына сәйкес және солардың ықпалымен байқалып отыратын тұрақты психикалық ерекшеліктердің жиынтығы. Адамның өзінің мінез-құлқына бақылау жасау арқылы мінездегі мінін түзетуге, жағымсыз әрекет, дөрекі мінездерден өзін тиып ұстауға болады. Мінез-құлық адамның өзіне, маңайындағы басқа адамдарға, тапсырылған іске қалай қарайтынынан байқалады. Ол оның бүкіл тәртібіне әсер етеді. Мінез-құлық жануарлар мен адамдарға ортақ, организмнің қимыл-қозғалыс белсенділігін, сыртқы ортамен қалай байланыс жасай алуын білдіретін ұғым. Мінез-құлықтың қозғаушы күші қажетті өтеу [4].

Мінез құрылымының компоненттерін, оның тұлғалық ерекшеліктері мен айналасындағы әлеуметтік ортаның ықпалына икемделе құрылатынына талдама жасаған Б.Г.Ананьев, А.Г. Ковалев, Н.Д.Левитов, В.С.Мерлин, В.Н.Мясищев, Ю.А.Самарин, И.В.Страхов және т.б [5, 6].

Мінез-құлық мәдениеті–адамшылдық қарым-қатынастың негізгі талаптары мен ережелерін сақтау, айналасындағылармен дұрыс қарым-қатынас құра білу. Адамның жүріс-тұрыс, іс-әрекетінің жиынтық көрінісі мінез-құлық ерекшеліктерін айқындайды. Мінез-құлық ерекшеліктері моральдық категорияға жатады. Ол адамның қоғамдағы мінез-құлқын реттеу қызметін атқаратын әлеуметтік институт, қоғам түгелдей мақұлдаған заңды талаптарының орындалу барысымен анықталады. Құқықтық моральдан айырмашылығы: біріншіден, қоғам мойындаған адамгершілік талаптарын әр адамның орындауын барлық қоғам мүшелерінің қадағалауына байланысты, екіншіден, морал талаптарын орындау тек рухани әсер ету формаларымен (қоғамдық баға беру, көрсетілген мінез-құлық ережелерінің орындалуын мақұлдалуын мақұлдау немесе айыптау) өлшенеді. Мінез-құлық мәдениеті адамның өскен ортасына, адамдармен күнделікті қарым-қатынасына, білім өресіне, көрген түйген өнегесінен алған өнегесіне байланысты.

Адамның жан-жақты дамуы әлеуметтік жағдайға тәуелді екенін 16-17 ғғ. Алғаш рет байқаған тұңғыш гуманист социал-қиялшылдар Томас Мор және Томмазо Кампанелла. Т Мор жеке адамды дамытудың негізі жалпыға бірдей және міндетті оқу, оқуды ана тілінде жүргізу балаларға ғылымның әр түрлі салаларынан теориялық білім беру, оны еңбекпен ұштастыру деп Утопия деген еңбегінде сипаттаған. Кампанелла адам баласының дамуы, оның жарасымды қалыптасуы тәрбие арқылы ақыл-ойын, қабілетін дамытуда игілікті, қажетті жағдайлар жасау арқылы, бақытты өмір сүруіне мүмкіншілік туғызу дейді.

Адамның мінезін зерттейтін ғылым саласымен айналысқан ежелгі грек оқымыстысы Феофрастан басталады. Ол өзінің «Мінездер» дейтін трактатында афиналық отыз адамның жағымсыз мінездерін (суайт, жылпос, жәдігөй, жарамсақ, өсекшіл және т.б.) сынап жүйелейді. ХҮІІ ғасырдағы француз моралисі Ларошфуко мыңнан астам нашар мінезді адамдардың портретін берген. Психологияда бұл соңғы кезде ғана зерттеле бастады. Орыс психологы А.Ф. Лазурский «Мінез туралы ғылыми очерктерінде» осы ілімге елеулі үлес қосты [7].

Ұлы ойшыл Абай адамның өсіп, жетілуіндегі тәрбиенің рөліне ерекше тоқтала келе, өзінің 19-қара сөзінде «Адам баласы туа сала есті болмайды. Естіп, көріп, ұстап, татып, естілердің айтқандарын есте сақтап қана естілер қатарында болады. Естіген нәрсені есте сақтау, ғибрат алу ғана есті етеді»- деп ақыл-естің тәрбиенің жемісі арқылы жетілетінін ғылыми тұрғыда дәлелдеп береді. Сондай-ақ Абай «сүйекке біткен мінез сүйекпен бірге кетпейді» дейтін теріс көзқарасты әшкерелеп, адам мінезі өмір барысынан сабақ алып, өзін қоршаған жағдайларға байланысты өзгерістерге еніп, оның іс-әрекеттері арқылы көрінеді деген тұжырым жасайды. Адам мінезінің түрлерін адамгершілік, моральдық, имандық тұрғыдан қарастырып, оларды жақсы және жаман деп жіктейді. Әдептілікті сыпайылықты, құмарлықты, тәуелсіздікті, беріктікті жақсы мінезге жатқызса, сенгіштікті, арсыздықты, мақтаншақтықты, қулықты, жауыздықты т.б. жаман мінез деп есептейді. «Адам баласы бір-бірінен ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады. Одан басқа нәрселермен оздым ғой

демектің бәрі ақымақтық»-дей келе, адамды тәрбиелеудегі қоғамдық ортаның рөлінің ерекшелігін саралап көрсете білді. Демек, Абай сана-сезімді тәрбиелеп жетілдірудегі қоғамдық ортаның рөлін негізгі себеп ретінде түсіндіреді. Үлгі етіп ұсынған адал еңбек, ар-ождан мәселелері қай қоғамда болмасын аса қажет, адамды қиыншылық атаулыдан аман алып шығатын тіршіліктің тұтқасы, өмірдің өзгермес заңы, жастарды алға жетелер жарық жұлдыз нысанасы екені даусыз [8].

Қазіргі таңда адамның көптеген еңбек қызметі салаларында туындап отырған мәселелердің бірі оның нервтік-психикалық қысымымен байланысты. Урбанизация, өмірдің қилы жылдам темпі, ақпараттық ауыртпалық барлығы адамның қысымын көтереді, сондықтан ол нервтік-психикалық паталогияның пайда болуына және дамуына алып келеді. Бұл психогигиена және психо-профилактика сұрақтарын туындатады. Мұндағы маңызды міндет адамның психикалық жай-күйін, денсаулығын қорғау. Мұндай мәселелерді шешу невротизация, психопатизация және осыған жақын субклиникалық жай-күйді алдын алудың қажеттілігі, сонымен бірге психотравмалық факторлардың әсерінен патологиялық күйге ұшырайтын акцентуациялық сипатты ауруларды алдын алуда маңызды роль ойнайды.

Әдебиеттер қайнар көзіне қарайтын болсақ, невротизация және психопатизация, сондай-ақ А.Е. Личко бойынша кейбір акцентуация сипатындағы тұлғалар деңгейі арасындағы корреляция белгісі жайлы ақпараттар бар. А.Е.Личко өндеген «Патомінездемелік диагностикалық сауалнама жүргізу» жинағы жас-жеткіншектердің популяциясына бағытталғандықтан, біз үшін келесі сұрақ туындайды: бұл байланыс ержеткен шақта да сақталады ма екен? Жеткіншек шақ мінез-құлықтың қалыптасу кезеңі болып табылады. Осы уақыт кезеңі кезінде мінездің көптеген түрлері құрыла бастайды. Дәл осы мезетте әр түрлі типологиялық варианттар нормалары басым болады. Уақыт өте келе мінездің кейбір жақтары өзгеріске ұшырайды, жаңарады, өмірлік тәжірбиенің арқасында тегістеледі [9].

Қазіргі заманда адамның стресске шалдығу проблемасымен тек қана психологтар ғана емес, сонымен қатар философтар, педагогтар, дәрігерлер, әлеуметтанушылар да айналысады.

Тұлға теорияларының ең біріншісі психоаналитикалық теория. Оны құрған австриялық психолог Зигмунд Шломо Фрейд (1856-1934) көптеген психологтар Зигмунд Фрейдтің теориясын қолдау немесе сынау арқылы тұлға, адам жөнінде өз түсінігін қалыптастырады. Фрейдтің теориясы ең бірінші шетел психологиясында тұлға экспериментальдық және теориялық зеттеулер жүргізуге түрткі болды. Фрейдтің тұжырымдауындауынша тұлғаның құрылымында белгілі –бір күш бар. Ол күш адаммен анықталады. Онымен екі қажеттілікті анықтайды. Олар адамның психологиялық әрекетін анықтайды. Оның екі түрі бар ; бірі құмарлық, екіншісі агрессия. Құмарлыққа байланысты қажеттіліктер сырқы ортаның әсерінен санасыз түрде қалып қояды. Сонда да ол симпатикалық түрде келіп отырады. Фрейд тұлғаның құрылымында үш компоненті бөліп көрсеткен. Олар мыналар:

1. Ол – санасыз түрде болады (инстинкт түрткі және қажеттілік). Бұл өнім жануарлардан келген биологиялық тәжірбие.

2. Мен (Оның)- бұл адамды қоғам талаптарын орындауға және норманы орындауға бағындырады.

3. Супер оның (Ең жоғарғы мен)-Бұл саналы және санасыз деңгейде көрсетілуі, яғни ата-ананың, мұғалімнің жалпы қоршаған ортаның бала психикасына әсер етуі.

“Оның” үнемі жан-жал күйінде болады. “Ол” және “Супер оның ” талаптары бір-біріне сәйкес келмейді. Сондақтан оған мына жағдай тән; қанағаттанбау, алаңдаушылық, уайым –қайғы және т.б.

Адамда “Ол” және “Супер оның ” үресі үнемі болып тұрады .Соған байланысты “Мен” өзіне айтулы қорғаныс механизмдерін қалыптастырады. Олар;

1. Келіспеушілік – мына жағдайдан туады; шындық адамға ұнамаса, мәселен, өзіне келіп түскен сынды мойындамау немесе адам ауырғанда ауруын сезінсе д айтпайды, яғни мойындамайды.

2. Үстем күш –“оның” ішкі импульсы жағынан қорғалған және “Супер оның ” (Ең жоғарғы мен) жағынан келетін қатер.

3. Қорғаныс механизмі –бұл рационалдық, яғни қандай да бір іс-әрекет істеген (қалып нормасына әсер ететін), бірақ оларды анықтауға тырысатын адам.

4. Қалыптасатын реакция-кейбір кезде адамдардың мінез-құлығының түрлеріне болады.

5. Проекция - әр адамда өзіне ұнамайтын қылығы болады және ол оны басқа бір адамдарға санасыз түрде асыра суреттейді.

6. Интеллектуализациялық –интеллектуалдық терминдер арқылы эмоциональдық күш көрсету жағдайынан құтылуға әрекет жасау [10].

Адам психикасы өте жаралы, стесске бейім, ал өмір ағымындағы психикаға ықпал ететін теріс әсерлер өте көп, ол отбасы қатынасындағы жай ғана ұсақ реніш және өкпеден бастап, адам өміріндегі трагедия және күшті ауыртпалықтармен аяқталады. Әрбір адам өмірінде кешкен жеке кері толқулардан басқа, психикаға, ғылыми-техникалық прогресске байланысты өсіп келе жатқан ақпараттар ағымы да негативті әсер етеді.

Жан тыныштығын тепе-теңдікте ұстау – адам өмірінің мөлшері және оның жұмысының жеткілікті түрде өнімді болуы. Әлемдегі тез өзгеріске түсетін ақпараттарға ыңғайлану үшін, жан күшінің жеткілікті резерві болуы қажет. Бірақ әрбір адам- өз жан күшінің қоры бар, өзі бейімделуге мүмкіншілігі, мінез ерекшелігі бар индивид.

Бір адамдар көптеген стресстік жағдайларға берік, «соққыны жақсы қағып тастайтындар», олар кез-келген ситуациядан жол тауып шыға алады, сондықтан сыртқы кері жағдайлар оның жан тұрақтылығына айқын әсер ете алмайды. Ал басқа адамдардың мінез қасиеттері мүлдем басқа, оларға жай ғана психикалық ауыртпалықтың түсуі оның психикасына әсер етіп және психикалық бұзылуға алып келеді. Невротикалық және психопатиялық тенденция базасына невроз немесе психопатия дамуы мүмкін.

Невроздар - бұл психотравмалық факторлар әсерінен болатын, психикалық қызметін жай ғана бұзылуымен сипатталатын психикалық аурулардың шектеулі тобы.

Психопатия- бұл я болмаса адам, немесе қоғам жапа шегетін мінез аномалиясы. Бұл туа біткен немесе жас шағында пайда болған мінез аномалиясы, ол әлеуметтік бейімделуді бұзып, тұлғаның дисгармониялық құрылуына алып келеді.

Невроздан психопатияның айырмашылығы, мінездің патологиялық қасиеттері адамның барлық психикалық жағын анықтайды, және оның өмірінің соңына дейін бақыланады. Патология деңгейіне жетпейтін және күнделікті өмірде бейімделуге мүмкіндігі бар жай ғана мінез ауытқуына акцентуациялық сипаттағы аурулар жатады.

Адамның эмоционалды еріктік сферасының деформациялануы тек аффектілі және стресс күйінде ғана болмайды. Фрустрацияның конфликтілі психикалық жай-күйі (латын тілінен аударғанда «**frustratio**» - күту, өтірік айту кезінде күтудің нәтижесінде мінез-құлық бұзылуы) – бұл негативті жай-күйдің эмоционалды қысылуы. Ол адамның ойындағы ісі орындалмай қалып, тосқауылдар болуында пайда болады. Мысалы, сүйетін жігіті үйленбей қойғанда, жұмыстан шығарып жіберген кезде, әртүрлі стратегиялық материалдар орындалмаған кезде адам жай-күй өзгереді.

Фрустрация жай-күйі ауыртпалық, психикалық қыспалық, сезімнің бұзылуы, тақырыптан шыға алмаған кезде, фрустраторлық агрессивті қарым-қатынас кезінде көрінеді. Фрустрация күйінің тереңділігі қызметтің жақындығы мен мақсатқа жетулікпен белгіленеді. Фрустрация депрессияға алып келуі мүмкін. Шындықтан кетіп қалу, өз ойындағы қиыншылықтарды еске алу, мінез-құлық деңгейі төмендеуі, регрессияға дейін жетеді.

Нейрофизиология тілінде бұл жылдам, лездегі психикалық ауыртпалық, өзін-өзі реттеудің жіңішке және күрделі құрылымды тежейді. Мұның қорытындысында невроз және мінез-құлық деформациясы пайда болады. Мұнда байқалады: нақты өзіне-өзі сенімсіздік, өзін-өзі төмен бағалау, ригидтілік (латын тілінен «**rigidus**» қатал, қатты икемсіз) – мінез-құлық бағдарламасын икемді өзгерту мүмкіндігі жоқ. Аффектілік стресс, фрустрация жай-күйі қылмыстық іс қозғалған кезде қылмыскердің субъективті жағын бағалауға кезінде

ескеріледі. Көптеген «мотивсіз» құқық бұзулар экстремалды ситуацияда индивидтің санасының тартылуымен байланысты. Импульсивті мінез-құлық психопатиялық тұлғаның мінез акцентуациясымен байланысты.

Сонымен, қорыта келгенде адамның мінез-құлқындағы стресстің көріністері және оны зерттеудің теориялық мәселелері жан-жақты қарастырылып, тарихи ізденістерді әліде болса қарастыруды қажет ететін мәселелердің бірі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жантану атауларының түсіндірме сөздігі. - Алматы: "Сөздік-Словарь", 2006. - 384 бет.
2. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы. 2007. -365б.
3. Селье Г. Стресс без дистресса. М., Прогресс, 1979. С.27
4. Жарықбаев Қ., Озғанбаев Ө. «Жантануға кіріспе». Алматы. 2000 ж. -298б.
5. Абабков В. А., М. Пере. Адаптация к стрессу. Основы теории, диагностики, терапии. РЕЧЬ. Санкт-Петербург. 2004. -278с.
6. Алдамұратов Ә Жалпы психология .Алматы, 1999ж. -195б.
7. Китаев- Смык А.А. Психология стресса. М., 1983. -45-49с.
8. Жарықбаев Қ.Б., Озғанбаев Ө. Жантануға кіріспе. А., 2000. -178-185б.
9. Личко А.Е. Психопатии и акцентуаций характера у подростков. М. Изд-во МГУ. 1982.-34-49б.
10. Гиссен Л.Д. Время стрессов. М., 1990. -278с.

ӘОК 316.6

БҮГІНГІ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОҒАМДАҒЫ ЖАСӨСПІРІМ ҚЫЗ БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕ КЕЗДЕСЕТІН КЕЛЕҢСІЗ ЖАҒДАЙЛАР....

Гарифуллина Гульмира Мубаракровна

Gulmira_61@mail.ru

Көпбейінді №3 мектеп-гимназиясы Өскемен қаласы, педагог-психолог

Бүгінгі әлеуметтік қоғамдағы жасөспірім қыз бала тәрбиесінде кездесетін келеңсіз жағдайлардың көптеп кезігіп, теледидар, ақпарат көздерінде көрсетіліп, айтылып жатқан жағдайлар ішкі жандүниемді қынжылтып, терең ойға салды.

Жасөспірім қыз балаңыз оңды тәрбиесі - ертеңгі әлеуметтік қоғамның, өсіп келе жатқан ұрпағымның жемісі екенін терең ойландырды. Жан-жақты бүгінгі жасөспірім қыз бала тәрбиесіне байланысты жұмысты жандандыру өте өзекті мәселенің бірі болып отырғанын тоғандырады. Қандай орта болмасын жасөспірім қыз балаңыз тәрбиесіне үлкен мән беруді қолға алатын кез әбден болды. Ауқымырақ ойлансам:

-жасөспірім қыз балалардың бойына мазасыздық, аяусыздық, көре алмаушылық қайдан пайда болады.?,

- өз әрекетіне мән, не есеп бере алмау тағы басқа теріс қасиеттер мен теріс әрекеттер қайдан пайда болады.?

- тастанды балалар қайдан шығып жатыр?

-балалар үйіне анасы бола тұрып, тоқтаусыз балалардың өткізілуіне не себеп?

- бір – бірін сүйіп жастар үйленеді, неге аз уақыт өтпей қайта айрылысады ?... деген сұрақтар мені толғанысқа тіреді.

Менің ойымша, қазіргі жасөспірім қыз балалар тәрбиесіндегі дағдарыстан шығу жолын халықтық педагогикадан, өзіміздің салт-дәстүр, ата-баба өнегесінен іздегеніміз дұрыс деп санаймын . Қыздарды тәрбиелеуде негізгі күш-жігер халық тәлім-тәрбиесін бүгінгі күннің заман талабына үйлестіре жүргізу қажет деп санаймын. Қазіргі қыз бала